

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP22685041 Толеранттылықты қалыптастырудағы орта және арнайы орта білім беру ұйымдарында дінтанулық білімнің әлеуметтік психологиялық аспектілері.
Өзектілігі	Зерттеудің өзектілігі ұсынылып отырған зерттеу жұмысы орта және арнайы орта білім беру ұйымдарындағы дінтанулық білімнің әлеуметтік психологиялық аспектілерін анықтауға бағытталған алғашқы жұмыстардың бірі екендігімен негізделеді. Бұл мәселенің зерттелуіне деген негізгі бағыт бағдар дінтанулық білімнің қазіргі қолданыстағы ыңғайларынан әлде қайда ауқымдырақ қарастырылуына және де басқа елдердің мысалдарымен салыстыра талдауға деген талпыныс. Жобаны даярлаудың алғышарттары дінтанулық білімді кешенді түрде зерттеу, сала саласы бойынша қарастыру, құрылымдық-функционалдық ерекшеліктерін және психологиялық негіздерін талдау, негізгі тенденцияларын анықтай отырып орын алуы мүмкін қауіп қатерлердің алдын алу. Зерттеу барысында дінтанулық білімнің даму көкжиектері талданып толеранттылықты қалыптастыруға деген ықпалдары сарапталады. Дінтанулық білім қазіргі еліміздегі дінтану саласының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Себебі орта және арнайы орта білім беру ұйымдарындағы дінтанулық білімнің дұрыс берілуі, дұрыс жоспарлануы және дұрыс жүзеге асырылуы жалпы еліміздің болашағын дұрыс қалыптастыруға сол арқылы жалпы әлемдік аренада дұрыс бағдарланған азаматты қалыптастыруға тікелей септігін тигізеді.
Мақсаты	Қазіргі Қазақстандағы орта және арнайы орта білім беру ұйымдарындағы дінтанулық білім берудің өткені мен қазіргі күйін саралай отырып, болашақтағы даму перспективаларына қатысты ұсыныстар жасау. Дінтанулық білім берудің психологиялық әлеуметтік аспектілерін талдай келе еліміз үшін ұтымды жолдарын ұсыну.
Міндеттері	• дінтанулық білімнің қалыптасу тарихы мен дамуын зерттеу аясында дін туралы ғылым мен дінтанулық білімнің теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру; осының нәтижесінде ғылыми айналымға дінтанулық білім ұғымының нақты анықтамасын енгізе отырып пәнаралық сипатын нақтылай түсетін дәлелдемелер келтіру. • дінтанулық білімнің шетелдік тәжірибесін дінтанулық білім беру саласындағы оқу бағдарламаларын зерттеу мен салыстырмалы талдау негізінде пайымдау; осы орайда шетелдік тәжірибеде қолданылатын діни білім мен посткеңестік елдердегі қолданылатын дінтанулық білім анықтамаларының ара жігін ажырату мақсатында көптеген ақпараттарды талдау, оқу жоспарларына сараптама жүргізу. • қоғамдағы толеранттылықты, толерантты қарым-қатынас жүйесін қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлін негіздеу; қоғамда орта білім жүйесіндегі жасөспірімдердің психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктерінің негіздерін анықтау мақсатында

	дінтанулық пәндердің қажеттілігін негіздеу. - Қазақстанның орта және арнайы орта білім беру жүйесіндегі дінтанудың орнын анықтап, ерекшеліктерін талдау; Қазақстанның әрбір өңірінде сауалнама жүргізу арқылы мектеп және арнайы орта білім беру мекемелеріндегі дінтану пәнінің жүргізілу қажеттілігіне байланысты жалпы сараптама нәтижелерін тиісті министірліктерге болашақтағы жұмысты тиімді жоспарлау үшін ұсыну. - Зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасын сараптау; әрбір аудан бойынша мектептердегі Зайырлылық және дінтану негіздері пәнінің жүргізілу барысындағы жалпы сипаттама мен қазіргі кездегі жағдаяттарды дұрыс сараптай алу мақсатында мұғалімдерге болмаса мектеп басшылығына сараптамалық сұхбат жүргізу. - зерттеу жұмысы барысында қол жеткізілген барлық нәтижелерді фундаменталды және қолданбалы жетістіктер ретінде ғылыми институттардың, жоғары оқу орындарының жергілікті басқару орындарының, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдардың барлығына қолжетімді ету, сонымен қатар дінтану пәні бойынша оқу құралы немесе практикум ретінде басып шығару.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Толеранттылықты қалыптастырудағы орта және арнайы орта білім беру ұйымдарында дінтанулық білімнің әлеуметтік психологиялық аспектілері тақырыбындағы жоба нәтижесін іске асыру бойынша: 1) шетелдік және (немесе) қазақстандық баспалар кітаптарында монографияларды, кітаптарды және (немесе) кітаптардағы тарауларды жариялау – <i>5 мақала жариялау жоспарлануда;</i> 3) шетелдік (еуропалық, американдық, жапондық) патенттік бюродан, қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан патенттер алу – <i>1 авторлық құқық алу жоспарлануда;</i> 4) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастықтары және қалың жұртшылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату – <i>Қазақстанның барлық 17 ауданында кездесулер өткізіліп, эксперттік сауалнамалар алыну жоспарлануда.</i> 6) конкурстық құжаттаманың талаптарына және жобаның ерекшеліктеріне сәйкес басқа да өлшенетін нәтижелер. Бөлімде: 1) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және нысаналы тұтынушылары – <i>дін саласы бойынша құзырлы мекемелер, жергілікті басқару органдары, дінтану саласындағы заңнамалық құжаттарды шығаратын өкілетті органдар, білім беру мекемелері;</i> 2) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың негізгі ғылыми бағыты мен сабақтас салаларын дамытуға әсері – <i>сабақтас салаларда орта білім жүйесінің жұмысын дамытуға, педагогика саласына ықпалдасу;</i> 3) алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың қолданылымдығы және (немесе) мүмкіндігі - <i>даярланған оқу құралын кітапхаларға, білім беру мекемелеріне ұсыну;</i>

	4) сапалық және сандық сипаттамаларын көрсете отырып, жобаның басқа да тікелей және жанама нәтижелері қосымша көрсетіледі – <i>жоба нәтижелері, ғылыми институттарда, дінтану саласы бойынша мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарында, жергілікті әкімшіліктердің ішкі саясат бөлімдерінде, арнайы орта және орта білім беру мекемелерінде қолданылады.</i>
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Жоба жетекшісі Тунгатова У.А. Scopus Author ID 58173718000 Researcher ID 58173718000 ORCID 0000-0003-4506-1942 Кеңесші Кулсариева А.Т. Scopus AuthorID: 56658676300 WoS ResearcherID: B-1707-2015 ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7867-430X
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	1. Eurasian Journal of Religious Studies 2024 Journal article DOI: 10.26577/EJRS.2024.v39.c3.r4 Contributors: Maksat Kurmanaliyev; Temur Amankul; Ruslan Sarsembayev; Ulzhan Tungatova 2. Pharos Journal of Theology 2025-05 Journal article DOI: 10.46222/pharosjot.106.3034 Contributors: Arailym Abubakirova; Meirambek Shimtemir; Albina Duissenbayeva; Feride Kamalova; Ulzhan Tungatova 3. Том 89 № 1 (2025): Серия «Социологические и политические науки» СПЕЦИАЛЬНЫЕ БИБЛИОТЕКИ КАК СРЕДСТВО СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ ЛЮДЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ ЗРЕНИЯ https://bulletin-socpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/50 DOI: 10.51889/2959-6270.2025.89.1.001
Патенттер туралы ақпарат	нет